

Геодезия және картография туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі N 332 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 166-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 21.12.2022 № 166-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасындағы геодезиялық және картографиялық қызмет саласындағы қатынастарды реттейді.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) географиялық ақпарат жүйесі - Жер туралы, жер бетінің объектілері, табиғи, техногендік және қоғамдық процестер мен нақты дүниенің құбылыстары туралы кеңістікте ақпарат жинауды, жинақтауды, сақтауды, талдауды және таратуды қамтамасыз ететін бағдарламалық жүйе;

2) геодезиялық және картографиялық қызмет - геодезия және картография саласындағы басқарушылық, өндірістік, техникалық және ғылыми қызмет;

3) геодезиялық және нивелирлік желі - жергілікті жерде арнаулы орталықтармен және белгілермен бекітілген жер бетіндегі пункттер жүйесі, олардың өзара жағдайы жоспарлы қатынастарда және биіктігі жөнінен геодезиялық қызмет нәтижесінде белгіленген;

4) геодезиялық пункт - орны белгіленген жерге (немесе жердегі құрылысқа) орнатылған орталығымен және оның үстіне тұрғызылған құрылыспен (белгімен) белгіленген геодезиялық желі пункті;

5) геодезия - Жердің пішінін, көлемі мен сыртқы гравитациялық өрісін, жер беті координаттары мен нүктелерінің биіктіктерін және олардың уақыт ішіндегі өзгерістерін анықтау жөнінде карталар мен жоспарлар жасау мақсатында, сондай-ақ жер бетіндегі түрлі инженерлік міндеттерді шешуді қамтамасыз ету үшін жүргізілетін ғылыми, техникалық және өндірістік қызмет процесінде туындайтын қатынастар саласы;

6) гидрография - су объектілерін, олардың сапа және сан жөніндегі сипаттамаларын зерделеу және сипаттау;

7) делимитация - мемлекеттік шекараның шектес мемлекеттер арасындағы келісім бойынша шартта белгіленіп көрсетілген және шартқа қоса тіркелетін карталарда графика түрінде бейнеленген жағдайлары мен бағыттарын айқындау;

8) демаркация - жергілікті жерде делимитация туралы шартқа сәйкес мемлекеттік шекараны айқындау және оны тиісті шекара белгілерімен белгілеу;

9) картографиялық өнім - картографиялық қызмет нәтижесінде Жер бетінің және аспан денелерінің белгілі бір математикалық заңдар бойынша және шартты белгілердің қабылданған жүйесінде құрылып, кішірейтілген, өлшенетін және жинақталған, қағазға және магниттік жеткізушіге түсіріп алынған бейнелері;

10) картография - картографиялық туындыларды зерделеу, жасау және пайдалану жөніндегі ғылыми, техникалық және өндірістік қызмет процесінде туындайтын қатынастар саласы;

11) картографиялық-геодезиялық қор - геодезиялық және картографиялық қызмет нәтижесінде жасалған, жалпы мемлекеттік, салааралық маңызы бар және одан әрі пайдалану мақсатында ұзақ сақталуға тиіс материалдар мен деректер жиынтығы;

12) жерсеріктік технологиялар - байқаушының немесе объектінің орналасқан жерін координат-уақыт жағынан анықтау үшін, сондай-ақ Жер бетінің учаскелерін картографиялау үшін ақпараттар алудың жерсеріктік жүйесі;

13) топография - жер бетін геометриялық жағынан зерделеу және осы жер бетінің жазықтықта топографиялық карталар немесе жоспарлар түрінде бейнелену тәсілдерін жасау.

14) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымы – нысаны, орналасқан жері мен қасиеттері туралы мәліметтерді қамтитын, картографиялық негізде көрсетілген, оның ішінде координаттар пайдаланыла отырып ұсынылған кеңістіктік объектілер туралы деректер.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-бап. Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңдары

1. Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

3-бап. Геодезиялық және картографиялық қызметтің объектілері мен субъектілері

1. Қазақстан Республикасының аумағы және онда орналасқан географиялық объектілер, сондай-ақ жер шарының құрлықтары, Дүниежүзілік мұхит, оның ішінде аралдар, табиғи аспан денелері мен Жердің жасанды серіктерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігі геодезиялық және картографиялық қызметтің объектілері болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өздерінің құзыреті шегінде әкімшілік-аумақтық бөліністердің мемлекеттік органдары, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар геодезиялық және картографиялық қызметтің субъектілері болып табылады.

4-бап. Геодезиялық және картографиялық қызметтің негізгі бағыттары

1. Атқарылатын жұмыстардың мақсатына қарай геодезиялық және картографиялық қызмет:

1) нәтижелерінің жалпы мемлекеттік салааралық маңызы бар мемлекеттік мақсаттағы қызмет;

2) жүргізу қажеттігі Қазақстан Республикасының геодезиялық және картографиялық қызметі субъектілерінің қажеттерімен айқындалатын арнаулы және (немесе) салалық мақсаттағы қызмет болып бөлінеді.

2. Мемлекеттік мақсаттағы геодезиялық және картографиялық қызмет:

1) Жердің пішінін, мөлшері мен сыртқы гравитациялық өрісін анықтауды;

2) Жерді дистанциялық зондтауды және геодинамикалық зерттеуді;

3) тығыздығы мен дәлдігі мемлекеттік топографиялық карталар мен жоспарлар жасауды, қорғаныстық, ғылыми-зерттеу және өзге де міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін, іргелі астрономиялық-геодезиялық желі, дәлдігі жоғары геодезиялық желі, спутниктік геодезиялық желі, барлық сыныптағы нивелирлік желілер, іргелі және бірінші сыныптағы гравиметриялық желілер жататын мемлекеттік геодезиялық желілерді құруды, дамытуды және жұмыс жағдайында ұстауды;

4) дәлдігі мен мазмұны жалпы мемлекеттік, қорғаныс, ғылыми-зерттеу міндеттері мен өзге де міндеттердің шешімін қамтамасыз ететін мемлекеттік топографиялық карталар мен жоспарларды, оның ішінде қалалардың және елді мекендердің жоспарларын графикалық, цифрлық, фотографиялық, электрондық және өзге де нысандарда жасауды, жаңартуды және басып шығаруды;

5) геодезиялық жерсеріктік технологияны енгізуді және пайдалануды;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын делимитациялауды, демаркациялауды және оның сызығы өтуін тексеруді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының теңіз айдынын делимитациялауды геодезиялық, картографиялық, топографиялық және гидрографиялық қамтамасыз етуді;

7) теңіздер, көлдер, өзендер, су қоймалары қайраңдарын картографиялауды және топографиялық, навигациялық теңіз карталарын, көмекші құралдарды, теңіз , кеме жүзетін өзендер мен сутоғандары лоцияларын жасауды;

8) мемлекеттің, оның қорғанысы мен қауіпсіздігінің мүдделері үшін геодезиялық, картографиялық, топографиялық және гидрографиялық жұмыстар жүргізуді, сондай-ақ теңіздерде, кеме жүзетін өзендер мен сутоғандарында жалпы теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;

9) шет мемлекеттер мен Дүниежүзілік мұхит аумағын қоса алғанда, топографиялық және арнаулы карталар мен жоспарлар жасау және жаңарту үшін аэроғарыштық түсірілім жұмыстарын;

10) Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорды құруды және жүргізуді;

11) географиялық ақпараттық жүйелерді жасауды және жүргізуді;

12) салааралық мақсаттағы жалпы географиялық, саяси-әкімшілік, ғылыми-анықтамалық және басқа да тақырыптық карталар, жоспарлар мен атластар, картографиялық оқу құралдарын құрастыруды және басып шығаруды;

13) географиялық атауларды стандарттауды, есепке алуды және олардың қолданылуын ретке келтіруді, Географиялық атаулардың мемлекеттік каталогын жасауды және жүргізуді;

14) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді және осы заманғы технологияларды енгізуді;

15) геодезиялық және картографиялық қызмет саласында мемлекеттік нормативтерді әзірлеуді, бекіту және қолданысқа енгізуді;

16) геодезиялық және картографиялық техника өндірісін ұйымдастыруды;

17) геодезиялық, картографиялық, топографиялық жұмыстарды метрологиялық қамтамасыз етуді;

18) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құруды және дамытуды қамтиды.

3. Арнаулы және (немесе) салалық мақсаттағы геодезиялық және картографиялық қызмет:

1) түрлі объектілерді, жерүсті және жерасты құрылыстары мен желілерін, құрылыс учаскелеріне үйлер мен құрылыстардың аралық бекітпелерін салу учаскелерінің бас жоспарларын жасауға, сондай-ақ өзге де арнаулы жұмыстарды орындауға арналған топографиялық жоспарларды жасауды және жаңартуды;

2) графикалық, цифрлық, фотографиялық, электрондық және өзге де нысандарда арнаулы мақсаттағы тақырыптық карталар, жоспарлар мен атластар жасауды және басып шығаруды;

3) арнаулы мақсаттағы географиялық ақпараттық жүйелерді жасауды және жүргізуді;

4) сызық және алаң үлгісіндегі инженерлік құрылыстарды, жерасты құрылыстары мен желілерін жобалау және ізденістер жүргізу, салу және пайдалану кезіндегі геодезиялық, топографиялық, аэротүсірілім және басқа да арнаулы жұмыстар, кадастрлар мен өзге де ізденістер және арнайы жұмыстар жүргізуді;

5) осы тармақта аталған бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді;

6) инженерлік-геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстарды;

7) салалық (ведомстволық) деректер негізінде кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құруды және дамытуды қамтиды.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 08.04.2016 № 490-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне мыналар жатады:

1) геодезия және картография саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы органды (бұдан әрі - уәкілетті орган) белгілеу;

2) <*>

3) координаттардың, биіктіктің, гравиметриялық және жерсеріктік өлшемдердің, сондай-ақ мемлекеттік топографиялық карталар мен жоспарлардың масштабтық қатарының бірыңғай мемлекеттік жүйелерін белгілеу ;

4) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) <*>

8) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) геодезия және картография саласында бірыңғай мемлекеттік және ғылыми-техникалық саясат жүргізу;

1-1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-2) мемлекеттік геодезиялық желіні құру және дамыту;

2) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің қызметін үйлестіру;

3) мемлекеттік, арнаулы және (немесе) салалық мақсаттағы геодезиялық және картографиялық жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру;

4) мемлекеттік геодезиялық бақылауды жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының және жергілікті жерлерде әкімшілік-аумақтық бөліністер шекараларының дұрыс көрсетілуін және олардың картографиялық материалдарда көрсетілуін қадағалау;

6) алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтіндерін қоспағанда, геодезия және картография саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, бекіту;

7-1) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

7-2) бюджет қаражаты есебінен орындалатын аэротүсірілім, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың сметалық нормаларын, бағаларын, құнын әзірлеу және бекіту;

7-3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын межелеу мен шегендеуді жүргізуді техникалық қамтамасыз ету туралы қағидаларды әзірлеу және бекіту;

7-4) бюджет қаражаты есебінен жасалатын картографиялық өнімді жаңартып отыру мерзімділігін әзірлеу және бекіту;

7-5) бюджет қаражаты есебінен картографиялық өнімді жасау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту;

7-6) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құру, жаңартып отыру, пайдалану тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтарды, қағидаларды әзірлеу және бекіту;

7-7) салалық көтермелеу жүйесін әзірлеу және бекіту;

8) аэротүсіру жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсаттарды тіркеу, есепке алу мен беру қағидаларын әзірлеу және рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекіту;

8-1) аэротүсіру жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсаттарды тіркеуді, есепке алуды және беруді жүзеге асыру;

9) геодезиялық пункттерді есепке алу және олардың сақталуын қамтамасыз етуді бақылау;

10) геодезиялық және картографиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен орындау тәртібінің анықталған жолсыздықтарын жоюды, сондай-ақ аталған жұмыстарды немесе аэроғарыштық түсірілім жүргізу нәтижесінде алынған геодезиялық және картографиялық материалдар мен деректерді топтастыруды, есепке алуды, сақтауды, пайдалануды және іске асыруды талап ету;

11) Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңнамасының бұзылу фактілері анықталған жағдайда геодезиялық және картографиялық жұмыстарды тоқтата тұру;

12) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мүдделерін ескере отырып, геодезиялық және картографиялық жұмыстардың, аэроғарыштық түсірілім деректері мен материалдарын дайындау, есепке алу, сақтау, көбейту және пайдалану тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтарды, нормалар мен ережелерді бекіту;

14) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жоспарланып отырған жұмыс учаскелерінде жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық жағынан зерделенгендігі туралы тиісті мәліметтер беру;

15) геодезия және картография саласындағы мемлекеттік бақылау мен кадағалауды жүзеге асыру ережелерін әзірлеу;

15-1) геодезиялық және картографиялық қызметінің басталғандығы туралы хабарлама берген субъектілердің тізілімін жүргізу;

15-2) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

15-3) республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың тізбесін бекіту;

15-4) геодезия және картография саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту.

16) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20. № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Геодезия және (немесе) картография саласындағы хабарлама

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Геодезиялық және (немесе) картографиялық қызметтің мынадай түрлері " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен берілетін қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама бойынша жүзеге асырылады:

- 1) геодезиялық жұмыстарды жүргізу;
- 2) картографиялық жұмыстарды жүргізу.

2. Осы Заңның 7-1-бабына сәйкес геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын талаптарға сәйкес мәліметтер мен құжаттар хабарламаға қоса беріледі.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-1-бап. Геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды жүргізуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын талаптар

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды жүргізуді жүзеге асыратын субъектілерде:

1) геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін, меншікті немесе жалға алынған салыстырып тексерілген аспаптар, жабдықтар және құрал-саймандар жиынтығының не зауыттық нөмірі көрсетілген, салыстырып тексерілген аспаптар, жабдықтар, құрал-саймандар жиынтығы бар ұйыммен жасалған қызмет көрсетуге арналған шарттың;

2) штатында геодезия және (немесе) картография саласында жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі бар маманның болуы міндетті.

Ескерту. Заң 7-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-бап. Геодезиялық және картографиялық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен техникалық талаптар

Нормативтік құқықтық актілер мен техникалық талаптар геодезиялық және картографиялық жұмыстарды мемлекеттік реттеуге және мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыруға арналған бірыңғай техникалық нормалар мен ережелер бойынша осы жұмыстарды жүргізу тәртібін белгілейді және барлық геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері үшін міндетті болып табылады.

9-бап. Геодезиялық және картографиялық қызметті метрологиялық қамтамасыз ету

1. Техникалық реттеу саласындағы, өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес геодезиялық өлшеу құралдарының бірлігі мен дәлдігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға;

2) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) геодезиялық және картографиялық жабдықтарға, аспаптар мен саймандарға метрологиялық бақылау жүргізуге құқығы бар.

2. Шет мемлекет берген, топографиялық-геодезиялық және картографиялық мақсаттағы өлшем құралының типін бекіту (метрологиялық аттестаттау) туралы сертификат Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес танылған жағдайда, ол Қазақстан Республикасында жарамды деп есептеледі.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Геодезиялық және картографиялық қызметті қаржыландыру

1. Мемлекеттік мақсаттағы геодезиялық және картографиялық қызмет бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

2. Арнаулы және (немесе) салалық мақсаттағы геодезиялық және картографиялық қызмет өнімдердің тапсырысшылары болып табылатын жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын геодезиялық, топографиялық және картографиялық жұмыстардың тапсырысшылары және (немесе) орындаушылары болып табылатын геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері бұрын жасалған геодезиялық, топографиялық және картографиялық материалдар мен деректерді пайдалануға міндетті.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Картографиялық өнімге авторлық құқық

Картографияға, геодезияға, топографияға қатысты карталарға, жоспарларға, эскиздерге, иллюстрацияларға және үш өлшемді туындыларға авторлық

құқықтар және соған байланысты туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының заң актілерімен реттеледі.

12-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған және жалпымемлекеттік салааралық арнаулы және (немесе) салалық маңызы бар геодезиялық, топографиялық, картографиялық, гидрографиялық, аэроғарыштық түсірілім, гравиметриялық материалдар мен деректердің жиынтығы болып табылады.

Ведомстволық картографиялық-геодезиялық қорлар арнаулы және (немесе) салалық маңызы бар геодезиялық, топографиялық, картографиялық, гидрографиялық, гравиметриялық және аэроғарыштық түсірілімдік материалдар мен деректердің жиынтығы болып табылады және тиісті орталық атқарушы органдардың қарамағында болады.

2. Ұлттық картографиялық-геодезиялық қор уәкілетті органның қарамағында болады және оны мемлекеттік кәсіпорын жүргізеді.

Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорды жүргізу кезінде мемлекеттік кәсіпорын мыналарды жүзеге асырады:

1) жергілік жердің геодезиялық және картографиялық зерделенуі және әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы шекаралардың, сондай-ақ географиялық объектілер атауларының өзгерістері көрсетіле отырып, кезекші анықтамалық картаны жүргізу;

2) геодезиялық пункттерді есепке алу;

3) Қазақстан Республикасының географиялық атауларын мониторингтеу;

4) тақырыптық картографиялау;

5) қордың құрамына жатқызылған материалдар мен деректерді мемлекеттік есепке алу, сақтау және сақталуын қамтамасыз ету.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорға әкімшілік-аумақтық бірліктер шекарасының өзгеруі туралы шешімдердің көшірмесін ұсынуға міндетті.

2-1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Картографиялық-геодезиялық қоры Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарамағында болады.

3. Белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының құрамына жатқызылған Ұлттық картографиялық-геодезиялық қордың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақталады.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттары мемлекеттік меншікте болады және оларды иеліктен шығаруға, сондай-ақ басқа мемлекетте тұрақты сақтауға әкетуге болмайды.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

Ведомстволық (салалық) картографиялық-геодезиялық қорларда құжаттарды қалыптастыру, жинау, сақтау және пайдалану ережелерін және оларға енгізілетін материалдар мен деректер тізбесін уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті орталық атқарушы органдар бекітеді.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының материалдары мен деректерін пайдалану үшін аталған материалдар мен деректерді (көшірмелерді) жасауға, сақтауға және жеткізіп беруге, сондай-ақ аталған материалдар мен деректерді іріктеу және олардың көшірмелерін әзірлеу жөніндегі қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындарды қамтитын ақы алынады. Мемлекеттік органдарға аталған қызметтер тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен картографиялық және геодезиялық жұмыстарды жүргізу мақсатында Ұлттық картографиялық-геодезиялық қордың материалдары мен деректерін пайдалану үшін аталған материалдар мен деректерді іріктеу, олардың көшірмелерін әзірлеу, сондай-ақ оларды жеткізіп беру жөніндегі қызметтер көрсетуге ғана жұмсалған шығындарды қамтитын ақы алынады.

Ұлттық картографиялық-геодезиялық қордың материалдары мен деректерін пайдалану үшін алынған қаражат Қазақстан Республикасының бюджет заңдарына сәйкес бюджетке жіберіледі.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің көздері болып табылатын құжаттарына қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9. Геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар өздері жасаған геодезиялық және картографиялық материалдар мен деректердің көшірмелерінің бір данасын Қазақстан Республикасының Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорына авторлық құқықтарын сақтай отырып, тегін беруге міндетті.

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының картографиялық және геодезиялық өнімін пайдаланушылар алынған материалдар мен деректердің сақталуын қамтамасыз етуге, оларды уәкілетті орган белгілеген мерзімде қайтаруға, аталған материалдардағы мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.03.01 № 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Геодезиялық және картографиялық өнімге мемлекеттік меншік

Геодезиялық және картографиялық өнім, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын геодезиялық және картографиялық қызмет нәтижесінде алынған гидрографиялық, аэроғарыштық түсірілім және гравиметриялық материалдар мен деректер Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі болып табылады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

14-бап. Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесіндегі геодезиялық және картографиялық қызмет

Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесіндегі геодезиялық және картографиялық қызметті өзара келісілген жұмыс жоспарлары бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен уәкілетті орган жүзеге асырады.

15-бап. Жергілікті жер объектілері туралы ақпарат беру

Қазақстан Республикасының аумағындағы географиялық, топографиялық және өзге де карталар мен жоспарларға бейнелеп түсірілуге тиісті жергілікті жер объектілері туралы ақпараттың иелері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар карталар мен жоспарларды дайындаушылардың немесе уәкілетті органның сауал салуы бойынша оларға осы ақпарат бар құжаттың көшірмесін береді.

16-бап. Мемлекеттік геодезиялық желілер пункттерін қорғау

1. Мемлекеттік геодезиялық желінің геодезиялық пункттері (астрономиялық-геодезиялық, геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық пункттер, жер бетіндегі белгілер мен осы пункттердің орталығы), сондай-ақ арнаулы геодезиялық желілер пункттері (орталықтар, бақылау таңбалары, сыртқы белгілер, бағдарлық пункттер) мемлекеттік меншік болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

Геодезиялық пункттерді бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) уәкілетті органның рұқсатымен ғана жүргізіледі.

1-1. Геодезиялық пункттердің тығыздығы, бұрыннан бар геодезиялық желіні дамыту және жаңарту перспективалары болмаған кезде уәкілетті орган геодезиялық пункттерді бұзудан немесе қайта салудан (орнын ауыстырудан) бас тартуға міндетті.

2. Жер учаскелерін оларға геодезиялық пункттерді орналастыру үшін беру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Аумағында геодезиялық пункттер орналасқан жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар:

1) геодезиялық пункттердің бүлінген немесе жойылған барлық жағдайлары туралы уәкілетті органға хабарлауға;

2) геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізген кезде геодезиялық пункттерге кіруге (жақындап баруға) мүмкіндік жасауға міндетті.

4. Геодезиялық, нивелирлік пункттерді жою немесе бүлдіру Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

5. Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2016 № 484-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Геодезия және картография саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасы геодезия және картография саласындағы халықаралық ынтымақтастықты өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту ниетін негізге ала отырып жүзеге асырады.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының атынан халықаралық ұйымдарда өз құзыреті шегінде өкілдік етеді.

18-бап. Қазақстан Республикасының геодезиялық және картографиялық қызмет туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының геодезиялық және картографиялық қызмет туралы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

Қазақстан Республикасының
Президенті